

**«8D05204-Метеорология» мамандығы бойынша
PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған
«Климаттың өзгеруі жағдайында Есіл және Нұра-Сарысу
сушаруашылық алаптарында қар жамылғысы ылғал қорының өзгеру
динамикасын зерттеу» тақырыбындағы
Тілләкәрім Тұрсын Адамбекқызының диссертациялық жұмысына**

ПІКІР

Т.А. Тілләкәрімнің докторлық жұмысы Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылық алаптарындағы қар жамылғысының ылғал қорының қазіргі климаттың өзгеруі және оның болашақта болуы мүмкін өзгерістері жағдайындағы өзгеру динамикасын зерттеуге арналған.

Мәселенің өзектілігі климаттың жаһандық өзгеруіне байланысты климаттық мәселелердің өнірлік көріністерін, әсіресе стратегиялық маңызды Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылығы алаптарын зерттеуге бағытталған климаттық зерттеулердің маңыздылығы артып келе жатқандығымен байланысты. Сонымен қатар, қар жамылғысы климаттың өзгеруінің сезімтал көрсеткіші ғана емес, климатты қалыптастыратын маңызды фактор болып табылады. Сондықтан зерттеулердің өзектілігі мен жаңалығы күмән тудырмайды.

Жұмыстың сөзсіз артықшылығы – жүргізілген зерттеудің кешенділігі және қарастырылып отырған сипаттамалар бойынша да, зерттеу кезеңін қамту бойынша да талдау терендігі.

Автор зерттеу жұмысы барысында қызықты нәтижелер алды, зерттелетін алаптардағы маусымдық және жылдық ауа температурасының статистикалық маңызды ұлғаюы анықталды, соңғы 50 жылда Есіл және Нұра-Сарысу сушаруашылығы алаптары аумағында қар жамылғысының ылғал қорының кеңістіктік-уақыттық өзгерістеріне жаңартылған бағалау жүргізілді, зерттелетін сушаруашылығы алаптары аумақтарында қар жамылғысының ылғал қорының ұлғаю үрдісі анықталды. Т.А. Тілләкәрім алғаш рет MODSNOW моделінің көмегімен қар жамылғысындағы ылғал қоры туралы

деректерін модельдеді, климаттың өзгеруін перспективалық бағалау негізінде қар жамылғысының ылғал қорының болашақтағы өзгеруі бағаланды.

Зерттеуді орындау барысында Тіләкәрім Тұрсын өзін жауапты, адал, бастамашыл зерттеуші ретінде көрсетті. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін нақты түжірымдай алады, алға қойылған мақсаттарға жету үшін мақсатты және табанды жұмыс істей алады.

Алынған нәтижелер автордың толық қалыптасқан маман және зерттеуші ретіндегі жоғары біліктілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, тек міндеттерді қоюға және шешуге дербес көзқараспен ғана емес, сонымен қатар зерттеу тақырыбын терең түсінуге, талдауға және деректерді өндеудің заманауи әдістерін сәтті қолдануға қабілетті.

Зерттеу жұмысы барысында автор зерттеудің барлық кезеңдерін, соның ішінде бастапқы деректерді өндөу мен талдауды, ғылыми зерттеулерді, қорытындылар мен жалпылауды, сондай-ақ ғылыми жетекшімен үнемі ғылыми байланыста бола отырып, орындалған жұмыс бойынша негізгі жарияланымдарды дайындауды дербес орындағандығын атап өткен жөн.

Т.А. Тілләкәрім диссертациялық жұмысы толығымен дербес және жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде орындалған аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

Жалпы Тілләкәрім Тұрсын Адамбекқызы «8D05204 – Метеорология» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алуға лайықты жас, еңбеккор зерттеуші.

Отандық ғылыми жетекшісі:

Орталық Азияның өнірлік

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ

Орталық Азия Климаттық

Ақпараттық Платформасының

Үйлестірушісі, г.Ф.К.



Каузов А.М.